

## Тауарлар импорты жағдайында ішкірыноктың қорғау шаралары туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы N 337 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 8 маусымдағы № 316-V Заңымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР 08.06.2015 № 316-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

### МАЗМУНЫ

Осы Заң ұлттық экономиканы импорттың тауарлармен бәсекелестік жағдайына бейімдеу үшін отандық тауар өндірушілерді және Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қорғау мақсатында белгіленетін қорғау шараларын қолдану процесінде туындастырын қатаинастарды реттейді.

#### 1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) елеулі залал – Қазақстан Республикасының аумағына тауар жеткізіп беру көлемінің өсуі салдарынан, атап айтқанда, сондай тауар өндіру көлемінің қысқаруынан, Қазақстанның ішкірыноктың отандық тауарды өткізу дің қысқаруынан, сондай тауарды өндіру рентабельділігінің төмендеуінен, жұмысқа орналасуға, жалақы деңгейіне теріс етуден білінетін, Қазақстан Республикасындағы ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың отандық өндірісі саласындағы ахуалдың жалпы едәуір нашарлауы;

2) елеулі залал келтіру қаупі – елеулі залалдың анық болмай қоймайтындығы;

3) импорттың квота – Қазақстан Республикасының аумағына тауар импортын оның санына және (немесе) құнына қатысты шектеу;

4) қорғау баждары – ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды отандық өндірушілерге елеулі залал келтіруі немесе оны келтіру қаупін туғызуы мүмкін болатын мөлшерде және сондай жағдайларда Қазақстан Республикасының кедендейк аумағына қандай да болсын тауар жеткізіп берілген жағдайларда мемлекеттік кіріс органдары алатын кеден бажының мөлшерлемесінен асып түсестін

баждар ;

5) қорғау шаралары – ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың отандық өндірушілеріне елеулі залал келтіретіндей немесе оны келтіру қаупін туғызатында мөлшерде (отандық өндіріске абсолютті немесе салыстырмалы түрде) және жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағына оның ішкі

рыногындағы еркін айналыс үшін әкелінетін тауар жеткізіп беруге қорғау баждары және (немесе) квоталар белгілеу түрінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде қолданылатын әкімшілік-экономикалық ықпал ету

құралдарының

ж и ы н т ы ф ы ;

6) қупия ақпарат – ашылуы бәсекелестер үшін едәуір артықшылықтар беретін немесе ақпарат берген мұдделі тарап үшін едәуір қолайсыз зардаптары болатын

а қ п а р а т ;

7) мұдделі тұлғалар (тараптар) – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы; істі қарau объекті болып табылатын ұқсас немесе тікелей бәсекелес отандық тауар өндіруші не қатысуышыларының көвшілігі осындай тауар өндіретін отандық өндірушілер бірлестігі; істі қарau объекті болып табылатын шетелдік тауар экспорттаушы мен шетелдік тауар өндіруші; отандық тауар импорттаушы немесе қатысуышыларының көвшілігі осындай тауарды импорттаушылар болып табылатын отандық импорттаушылар бірлестігі; шет мемлекеттің үкіметі, тауарды шығарған немесе осындай тауарды экспорттаған елдің уәкілетті органы не осындай тауарды шығарған немесе оны экспорттаған елдер кіретін шет мемлекеттер одағының уәкілетті органы; тауарды тұтынушы немесе тұтынушылар бірлестігі; Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдары; құқықтары мен мұдделері осы істі қарauда қозғалатын және осы Заңның 6-бабында аталған уәкілетті органның пікірі бойынша осы істі қарauды жүргізуге жәрдемдесе алатын өзге де тұлғалар;

8) отандық өнеркәсіп (отандық өндірушілер) – Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын, ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды өндірушілердің не ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды ұжымдық өндіруі Қазақстан Республикасының аумағында осы тауарлардың жалпы өндірісінің көвшілік бөлігін құрайтын өндірушілердің жиынтығы;

9) тауардың алдындағы кезеңдегі импорты – тауар импортының алдындағы үш жылдағы, оларға қатысты статистикалық ақпарат бар орташа шамасы;

10) уақытша қорғау шаралары – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде мемлекеттік кіріс органдары қорғау баждары түрінде қолданатын алдын

а л а

к о р ғ а у

ш а р а л а р ы ;

11) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сауда және өндірістік қызмет мониторингін жүзеге асыратын, елеулі залалдың бар екендігін немесе оның келтірілу қаупін және қорғау шараларын енгізу қажеттігін анықтау жөнінде іс қарауды жүргізетін мемлекеттік орган;

12) ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауар – сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының дәл сол бір кодымен жіктелетін және басқа тауарға толық ұқсас немесе сатып алушы тұтыну процесінде сондай тауарлармен басқа тауарды алмастыратындей немесе алмастыруға дайын болатындей, өзінің

функционалдық мақсаты, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары мен басқа да негізгі қасиеттері жағынан онымен салыстыруға болатын тауар;

13) істі қарау – ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды отандық өндірушілерге елеулі залал келтіретіндей немесе оны келтіру қаупін туғызатында мөлшерде және жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағына қандай да болсын тауардың әкелінуіне қатысты құжаттарды және басқа да

а и ф а қ т а р д ы

қ а р а у

р ә с і м і .

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 № 248-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.11.2014 № 257-В (қолданысқа енгізілу тәртібін 10-баптың 12) тармақшасынан қараңыз) Заңымен.

## 2-бап. Қазақстан Республикасының тауарлар импорты кезінде ішкі рынокты қорғау шаралары туралы

### зандары

1. Қазақстан Республикасының тауарлар импорты кезінде ішкі рынокты қорғау шаралары туралы зандарына осы Заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер жатады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімде немесе шартта осы Зандағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың немесе келісімнің ережелері қолданылады.

### 3-бап. Осы Заңның мақсаттары

1. Осы Заңның мақсаттары Қазақстан Республикасының аумағына тауар жеткізу көлемінің артуына байланысты отандық тауар өндірушілердің мүдделерін қорғау және елеулі залалды немесе оның қаупін жою болып табылады.

2. Қорғау шаралары Қазақстан Республикасының аумағына тауар жеткізу көлемінің артуы салдарынан отандық өндірушілерге елеулі залал келтірілген немесе оның қаупі төнген жағдайларда ғана қолданылады.

3. Қорғау шаралары істі қарау осы Заңда белгіленген ережелер мен рәсімдерге сәйкес жүргізілген жағдайда қолданылады.

4. Қорғау шаралары әкелінетін тауарға тауар шығарылған елге қарамастан кемсітілмейтін негізде қолданылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443 Заңымен.

### 4-бап. Осы Заңның қолданылатын аясы

Осы Заң үекілетті орган мен барлық мүдделі тұлғалар арасында, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың өздері арасында Қазақстан Республикасының аумағына қандай да болсын тауарды ұқсас тікелей бәсекелес тауардың отандық өндірушілеріне елеулі залал келтіретіндей немесе оны келтіру қаупін

туғызытындағы мөлшер (отандық өндіріске абсолютті немесе салыстырмалы түрде ) мен жағдайларда жеткізу көлемінің артуына байланысты туындастын қатынастарды реттейді.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443 Заңымен.

### **5-бап. Мемлекеттік реттеу органдары**

1. Елеулі залал келтіру фактілері бойынша өнім берушілердің сауда практикасын мемлекеттік реттеу мен мониторингті уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Қорғау шараларын енгізу, қайта қарау және олардың күшін жою уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

### **6-бап. Уәкілетті орган**

1. Уәкілетті орган өзіне осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілермен берілетін өкілеттік шеңберінде іс-әрекет жасайды.

2. Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда, уәкілетті орган өз құзыретінің шегінде істі қарау рәсімдері бойынша нормативтік құқықтық актілер шығарады, отандық өндірушінің немесе өндірушілер бірлестігінің өтініштері бойынша іс қарауды жүргізеді, қорғау шараларын қолдану үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуге материалдар әзірлейді.

3. Мемлекеттік өкімет органдары, және өзге де ұйымдар іс қарауды жүргізуге жәрдем көрсетуге және қайтарымдық негізде тауарлардың үлгілері мен қажетті ақпаратты, оның ішінде уәкілетті органның сауал салуы бойынша құпия ақпаратты да беруге тиіс.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443 Заңымен.

### **7-бап. Ис қарауды бастау туралы шешім**

1. Ис қарауды бастау туралы шешім Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша, сондай-ақ отандық өндірушілердің немесе өндірушілер бірлестігінің өтініштері бойынша дайындалған уәкілетті орган қорытындысының негізінде қабылданады.

2. Қорғау шараларын қолданудың алдындағы іс қарауды жүргізу жөніндегі өтініш, егер осы өтініш бойынша өз пікірін білдірген отандық тауар өндірушілердің үлесіне Қазақстан Республикасындағы ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауар өндірісі жалпы көлемінің көпшілік бөлігі келетін болса қарауға

Бұл ретте өтінішті қолдайтын отандық өндірушілер үлесіне отандық өндірушілер өндірген ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың қолемінің жиырма бес проценттен астамы келуге тиіс.

3. Уәкілетті орган іс қарауды бастау туралы шешім қабылданғаннан кейін тиісті шет мемлекетке (шет мемлекеттер одағына) қорғау шараларын ықтимал қолдану мақсатында іс қарауды бастау ниеті туралы хабарлауға тиіс.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443, 2005.06.16 N 59 Зандарымен.**

### **8-бап. Өтініш беру**

1. Іс қарауды жүргізу туралы өтініш жазбаша нысанда уәкілетті органға беріледі және онда мынадай мәліметтер:

1) өтініш берушінің деректемелері және ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың осының алдындағы үш жылдағы, оларға қатысты статистикалық ақпарат бар құны мен өндіру қолемі туралы деректер;

2) іс қарау объектісі болып табылатын әкелінген тауардың сипаттамасы, тауарды шығарған елдің немесе елдердің атауы, аталған тауарды белгілі жеткізушилдердің тізбесі;

3) объективті сипаттағы барлық тиісті факторларды көрсететін және осы саладағы жағдайға әсер ететін сандық көрініспен берілуге болатын деректер, атап айтқанда: қуаттарды сату, өндіру, өнімділігі, тиеу қолемдеріндегі, пайда мен зиян мөлшеріндегі өзгерістер, өндірісте жұмыс істеушілер санының қысқаруы туралы; Қазақстан Республикасының ішкірынғында ұқсас және тікелей бәсекелес тауарлар бағасының өзгеруі туралы мәліметтер болуға тиіс.

2. Өтініш беруші істі қарау рәсімі басталғанға дейін өтінішін қайтып алуы мүмкін және бұл жағдайда ол берілмеген болып есептеледі.

3. Өтініш беруші өтініште көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы үшін жауап береді.

**Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - КР 1999.07.20 N 443, 2010.03.19 № 258-IV Зандарымен.**

### **9-бап. Өтінішті қарау**

1. Уәкілетті орган өтініш берілгеннен кейін қырық бес күнтізбелік құн ішінде өтініште көрсетілген деректердің дұрыстығы мен жеткіліктілігін қарауға және іс қарауды жүргізудің орындылығы не іс қарауды жүргізуден бас тарту туралы қорытынды әзірлеуге тиіс.

2. Егер уәкілетті орган мәліметтерді жеткіліксіз деп тапса, ол өтініш алынған күннен бастап он күндік мерзімде бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға және оған өзінің өтінішін өзгертуге немесе толықтыруға мүмкіндік беруге тиіс.

Өтініш беруші бұрын берілген өтінішті толықтыратын немесе өзгеретін

ақпарат жіберген жағдайда, уәкілетті органда осындай толықтырулар немесе өзгерістер тіркелген күн өтініш қарауға қабылданған күн болып саналады.

3. Уәкілетті орган, егер ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың отандық өндірушілеріне елеулі залал келтірілгеніне немесе оның қаупіне жеткілікті дәлелдер болмаса, сондай-ақ осы Заңның 7-бабының 2-тармағындағы шарттар орындалмаса, іс қарауды жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

4. Уәкілетті орган іс қарауды жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап бас тартуға себептер мен негіздерді көрсете отырып, он күндік мерзімде бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға тиіс.

**Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443 Заңымен.**

#### **10-бап. Исті қараудың басталуы**

1. Уәкілетті орган іс қарауды жүргізудің басталуы туралы шешім қабылданған кезден бастап отыз күнтізбелік күн ішінде алдағы іс қарау туралы мұдделі тұлғаларға хабарлайды және барлық мұдделі тұлғаларды іс қарауға тарту мақсатында хабарлауды мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде бұқаралық ақпарат құралдарында таратады.

##### **2. Хабарлауда:**

1) тауарды экспорттауши мемлекеттің (мемлекеттердің) және іс қарау объектісі болып табылатын тауардың атауы;

2) істі қарау басталатын күн;

3) істі қараудың негіздемесі;

4) өтініштің заңдылығын растайтын фактілердің қысқаша мазмұны;

5) мұдделі тұлғалар өздерінің материалдарын жолдауға тиіс мекен-жай;

6) мұдделі тұлғалар өздерінің материалдарын бере алатын мерзімдер болуға тиіс.

3. Мұдделі тұлғалар мемлекеттік тілде немесе уағдаластық бойынша басқа тілде жазбаша түрде жауап беруге тиіс.

4. Қорғау шараларын ықтимал қолдану мақсатымен іс қарау Қазақстан Республикасының кеден аумағына іс қараудың объектісі болып табылатын тауарды кедендей декларациялауға және жіберуге кедергі келтірмеуге тиіс.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі істі қараудың басталуы туралы шешім қабылдаған күннен бастап ол аяқталғанға дейін сан жөнінен шектеулер қолданбастан іс қараудың объектісі болып табылатын тауардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына импорттын лицензиялауды жүзеге асырады.

##### **6. алып тасталды**

7. Қорғау шараларын қолдану туралы өтінішті қолдаған бір қазақстандық өндірушінің үлесі ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауардың қазақстандық өндірісінің отыз бес процентінен асатын жағдайда не, егер іс қараудың объектісі

болып табылатын тауар импортының жалпы көлемі Қазақстан Республикасының ішкі рыногында ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды сатудың жалпы көлемінің жиырма бес процентінен кем болса, монополияға қарсы органның аталған шаралардың Қазақстан Республикасының ішкі рыногындағы бәсекеге әсерінің салдары туралы қорытындысы болуы қажет.

**Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443, 2005.06.16 N 59, 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **11-бап. Іс қараудың мерзімдері**

Қорғау шараларын қолданудың алдындағы іс қарау тоғыз айдың ішінде аяқталуға тиіс.

### **12-бап. Ақпарат сұрау**

1. Іс қарау басталғаннан кейін уәкілетті органның, қажет болған жағдайда, жауап берілуге тиіс мерзімді белгілеп, мүдделі тұлғалардан қосымша ақпарат сұратуға құқығы бар.

2. Әрбір мүдделі тұлғаның ақпарат жіберген кезде, уәкілетті орган хабарлануында көрсеткен мерзімде өзі қажетті деп есептейтін кез келген басқа да айғақтар үсінуга құқығы бар.

**Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443 Заңымен.**

### **13-бап. Құпия ақпарат**

1. Іс қараудың барысында уәкілетті органға берілетін құпия ақпарат мүдделі тұлғалардың жазбаша келісімінсіз жария етілмеуге тиіс.

2. Құпия ақпарат беруші мүдделі тұлғалар осы ақпарат бойынша жазбаша түсіндірмелер беруге тиіс.

Түсіндірме ақпараттың мәнін ұғыну үшін жеткілікті мөлшерде егжайтегжейлі болуға не неліктен егжай-тегжейлі, құпия емес ақпарат ұсыну мүмкін болмағанының себептерін түсіндіруге тиіс.

Уәкілетті орган мүдделі тұлға жария етуді және жалпы түрде ашуды қаламайтын ақпаратты, егер осы ақпарат ресми көздерден алынбаған жағдайдағана, назарға алмауы мүмкін.

3. Құпия ақпаратты, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жариялауға, уәкілетті органның лауазымды адамдарының жеке мүдделерінде пайдалануға, үшінші тұлғаларға, сондай-ақ өзге мемлекеттік органдарға беруге болмайды.

**Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443, 2005.06.16 N 59 Заңдарымен.**

### **14-бап. Исті жүргізуіндің тәртібі**

1. Уәкілетті орган әрбір істі қарау бойынша өзі белгілеген тәртіппен жазбаша түрде іс жүргізеді. Исте сақтаудың тәртібі мен мерзімі зандарда белгіленген тәртіппен айқындалатын іс қарауға қатысты барлық құжаттар болуға тиіс.

2. Истің қупия болып табылмайтын материалдары мұдделі тараптарға істі қарау барысында танысу және олардың өтініші бойынша істі қайта қарау үшін беріледі.

3. Уәкілетті орган әр істі қарау бойынша ресми басылымдарда есеп жариялады. Есепте Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған қаулының негіздемесімен бірге іске егжей-тегжейлі талдау жасалуы қажет.

**Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443 Заңымен.**

### **15-бап. Тыңдау**

Мұдделі тұлғалар істің материалдарымен және басқа тараптың дәлелдерімен танысу мақсатында уәкілетті органға тыңдаулар өткізу туралы өтініш беруге құқылы, бұл барлық мұдделі тұлғаларға басқа тұлғалардың мәлімдемелеріне жауап қайтару мүмкіндігін қоса алғанда, дәлелдемелер мен дәлелдер ұсыну және қорғану шараларын қолданудың отандық тауар өндірушілерді қорғауға және Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне септігін тигізу туралы мәселе жөнінде өз пікірін баяндау мүмкіндігін беруге тиіс.

Тыңдаулар хаттама жүргізіле отырып, уәкілетті органның лауазымды адамының тәрағалық етуімен өтеді.

**Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.16 N 59 Заңымен.**

### **16-бап. Елеулі залалды немесе оның келтірілу қаупін айқындау**

1. Елеулі залалды айқындау объективті фактілермен расталып алынған деректерге негізделеді, бұл орайда тауар беру көлемінің өсуі мен келтірілген елеулі залалдың немесе оның қаупінің арасында себеп-салдарлы байланыстың бар екендігі дәлелденуге тиіс.

2. Тауар беру көлемдерінің өсуі мен отандық өндірушілерге елеулі залалдың арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды анықтау үшін немесе оның келтірілу қаупінің болуын анықтау үшін уәкілетті орган осы саладағы жағдайға әсер ететін барлық объективті факторларды, атап айтқанда:

- 1) тауар импорты өсуінің абсолютті және салыстырмалы шамалардағы қарқыны мен көлемін;
- 2) отандық рыноктағы импорттың өсу үлесін;
- 3) сату деңгейіндегі өзгерістерді;
- 4) отандық өндірушілердің тауар өндіруін;

5) өнімділікті, қуаттардың ауқымын, пайда мен зиянның мөлшерін, жұмысқа орналастыруды ескереді.

3. Егер тауар жеткізудің көлемі өсуінен басқа отандық өндірушілерге елеулі залал келтіретін елеулі залал келтіретін немесе залал келтіру қаупі бар басқа да факторлар болса, мұндай елеулі залалды тауар жеткізіп беру көлемінің өсуіне жатқызуға болмайды.

4. Уәкілді орган істі қарау барысында алынған нақты деректердің негізінде тауар жеткізу көлемі өсуінің және оның отандық өндірушілерге келтірген елеулі залалының немесе оның қаупінің бар екендігі туралы алдын ала қорытынды б е р у г е    құқылы.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443 Заңымен.

### **17-бап. Уақытша қорғау шараларын қолдану**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілді орган алдын ала растайтын қорытындының негізінде іс қарауды бір жолғы жүргізу жағдайында уақытша қорғау шараларын жалғастыру туралы қаулы қабылдайды.

2. Уақытша қорғау шаралары, егер оларды кейінге қалдыру отандық өнеркәсіпке орнын толтыру қыын елеулі залал келтіруі мүмкін болса, қысталада жағдайларда енгізіледі.

3. Уақытша қорғау шараларын өзіне қатысты іс қарау жүргізілетін тауар үшін оларды енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының негізінде мемлекеттік кіріс органдары қолданады.

3-1. Уақытша қорғау шараларын қолданған кезде қорғау баждарын төлеуді қамтамасыз етуге арналған ақшаны импорттаушылар кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес депозиттік шотқа енгізеді және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілді органның қорғау шараларын қабылдау қажеттігі туралы қорытындысы негізінде түпкілікті шешім қабылдағанға дейін бюджетке аударуға жатпайды.

4. Егер уәкілді орган іс қарау нәтижелері бойынша тауар жеткізу көлемінің өсуі отандық өндірушілерге елеулі залал келтірмейді немесе оның қаупін туғызбайды деген шешім шығарса, уақытша шаралардың күші жойылуға тиіс және импорттаушиның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен төленген сомаларды қайтарып алуға құқығы бар. Уақытша қорғау шараларын қолдану кезіндегі қорғау бажының ставкасынан неғұрлым төмен қорғау бажының ставкасын енгізу орынды деп танылған жағдайда, артық төленген сомалар Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген тәртіппен импорттаушыға қайтарылуға жатады.

5. Егер қорғау бажы уақытша қорғау шараларының ставкасына қарағанда көбірек мөлшерде енгізілсе, импорттаушыдан ақы төленген кезең үшін айырма

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.07.20 N 443, 2005.06.16 N 59, 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**18-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің уақытша қорғау шараларын енгізу туралы қаулысын жариялау**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің уақытша қорғау шараларын енгізу туралы қаулысы ресми басылымдарда жарияланады.

Жарияланымда уақытша қорғау шараларын енгізудің мерзімдері мен негіздемесі болуы тиіс.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443 Заңымен.

**19-бап. Уақытша қорғау шараларының қолданылу мерзімі**

1. Уақытша қорғау шараларының қолданылу мерзімі 200 күннен аспауга тиіс.
2. Уақытша қорғау шараларының қолданылу мерзімі осы Заңның 24-бабына сәйкес қорғау шаралары қолданылуының жалпы мерзіміне кіреді.

**20-бап. Іс қараудың аяқталуы**

Үәкілетті орган жүргізетін іс қаралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберілетін:

1) ісі қаралған тауарды жеткізіп беруден отандық өндірушілерге елеулі залалдың немесе оның қаупі төнгенінің жеткілікті дәлелдері болмауы себепті іс қарауды тоқтату туралы;

2) тауар импорты мәлшері өсуінің отандық өнеркәсіпке елеулі залалының болуы немесе оның қаупі төнгені фактісінің анықталғаны және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғау шараларын қолдану қажеттігі туралы қорытынды әзірлеумен аяқталады.

**21-бап. Қорғау шаралары**

1. Қорғау шараларын қолдану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы уәкілетті органның ұсынысы бойынша және оның қорытындысы негізінде қабылданады және ол ресми басылымдарда жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

2. Қорғау шаралары тауар жеткізу көлемін шектеу - квота белгілеу түрінде және (немесе) қорғау бажын енгізу арқылы қолданылады.

Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443 Заңымен.

**22-бап. Қорғау шараларының мәлшерін анықтау**

1. Қорғау шаралары елеулі нұқсанды болғызбау немесе жою үшін қажетті осындай мөлшерде қолданылады.

2. Қорғау шараларының мөлшерін оларды қолданудың бүкіл уақытында ұлғайтуға болмайды. Олардың мөлшері уәкілетті органның өтініші бойынша қорғау шарасының қолданылу мерзімі бір жылдан асқан кезде, қолданылу кезеңі бойы тендей уақыт аралығы арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен азайтылуы мүмкін.

3. Егер қорғау шараларының қолданылу мерзімі үш жылдан асса, оларды енгізгеннен кейін бір жарым жылдан кешіктірмей істі қарау қайта жүргізілуге тиіс, соның нәтижесінде қорғау шаралары тоқтатылуы, өзгертуі немесе ұзартылуы мүмкін.

4. Исті қайта қарау нәтижесінде қорғау шараларының қолданылу мерзімі ұзартылған жағдайда мұндай шараларды қолдану шарты қорғау шаралары қолданылуының бастапқы мерзімі ішінде қолданылу шартына қарағанда неғұрлым шектеулі бола алмайды.

**Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443, 2005.06.16 N 59 Зандарымен.**

### **23-бап. Қорғау шараларын қолдану**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғау баждарын енгізу туралы қаулысының негізінде мемлекеттік кіріс органдары оларды оған қатысты қарау жүргізілген, әкелінген тауардың бәрінен өндіріп алады. Қорғау баждары кеден баждарына, салықтарға және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қарамастан өндіріліп алынады және бюджет есебіне жатқызылуға тиіс.

2. Квота түрінде қорғау шараларын қолданған кезде импорттық квотаның жылдық көлемі, елеулі залалды болғызбау немесе жою үшін өзге шешім қабылдаудың қажеттігі дәлелденген жағдайларды қоспағанда, импорттың көлемін осының алдындағы кезеңдегі оның орташа көлеміне тең деңгейден төмен қысқартпауға тиіс.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қорғау шарасы ретінде енгізілген импорттық квотаның жылдық көлемінің шегінде жекелеген мемлекеттер үшін импорттық квоталар белгілей алады.

Импорттық квота тауар беруші елдер арасында бөлінетін жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі консультациялар жүргізу арқылы Қазақстан Республикасының аумағына осы тауарды жеткізіп беруге мүдделілігі бар тауар беруші елдермен импорт квотасының үлесін бөлу туралы уағдаластыққа қол жеткізуді қамтамасыз ете алады.

Мұндай уағдаластыққа қол жеткізу мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі импорттық квотаны тауар импорттының жалпы саны немесе құны негізінде бұдан бұрынғы кезеңдегі тауар импортына сәйкес келетін

Үйлесімде тауар беруші елдер арасында бөледі. Бұл ретте осы тауарларды жеткізіп беруге ықпал ете алған немесе ықпал ете алатын кез келген факторлар ескеріледі.

Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі импорттың квотаны жекелеген шет мемлекеттерден (шет мемлекеттер одағынан) импорт өсімінің абсолютті және салыстырмалы түрдегі көрсеткіштерін ескере отырып, жекелеген тауар беруші елдер арасында бөлуі мүмкін.

**Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2005.06.16 N 59; 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

#### **24-бап. Қорғау шараларының қолданылу мерзімі**

1. Қорғау шараларының қолданылу мерзімі елеулі залалды болғызбау немесе жою отандық тауар өндірушілердің бәсеке жағдайларына бейімделуі үшін қажетті кезеңге белгіленеді. Бұл кезең, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, төрт жылдан аспауға тиіс.

2. Қорғау шараларының қолданылу мерзімін осы қорғау шарасы елеулі залалды болғызбау немесе жою үшін қажет болып қала берген жағдайда өтініш негізінде немесе өз бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі ұзартуы мүмкін.

3. Қорғау шарасын қолданудың жалпы кезеңі кез келген уақытша шараны қолдану кезеңін, бастапқы қолдану және оны кез келген ұзарту кезеңін қоса алғанда, сегіз жылдан аспауға тиіс.

4. Егер қолданылатын шаралардың өзін ақтамайтындығы анықталса, уәкілетті органның өтініші бойынша олардың күші жойылуға не олардың мөлшері өзгертулуге тиіс.

**Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.20 N 443 Заңымен.**

#### **25-бап. Қорғау шараларын қайта қолдану**

1. Қорғау шаралары өздеріне қатысты қорғау шаралары қолданылған тауарларға олардың қолданылу мерзіміне тең мерзім өткен соң ғана қайта қолданылуы мүмкін. Бұл орайда қолданбаудың ең аз мерзімі екі жылдан кем болмауға тиіс.

2. Қорғау шаралары тауарға, егер олардың бастапқы қолданылу мерзімі 180 құн болса және одан кем болса, мынадай шарттар сақталғанда:

1) қорғау шаралары енгізілген кезден бастап кемінде бір жыл өткен;

2) мұндағы қорғау шаралары қорғау шараларын енгізуудің соңғы күнінің тікелей алдындағы бес жылда екі реттен артық қолданылмаған жағдайда қайта

қ о л д а н ы л у ы

м ү м к і н .

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.16  
N 59 Заңымен.

**26-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғау  
шараларын қолдану туралы қаулысын жариялау**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғау шараларын енгізу туралы қаулысы ресми басылымдарда жарияланады. Жарияланымда сондай-ақ мұдделі тұлғалардың дәлелдерін немесе талаптарын қабылдау немесе қабылдамаудың себептері мен негіздемелері болуы тиіс.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.20. N 443 Заңымен.

**27-бап. Шешімдерге шағымдану тәртібі**

Мұдделі тұлғалар қорғау шараларын қолдану жөніндегі істі қарau кезеңінде қабылданған уәкілетті органның шешімі мен іс-әрекетіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот арқылы шағымдануға құқылы.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.20. N 443 Заңымен.

**28-бап. Тауарлар импорты кезінде ішкірынокты  
қорғау шаралары туралы заңдарды бұзғаны  
үшін жауаптылық**

Тауарлар импорты кезінде ішкірынокты қорғау шаралары туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Жаңа 28-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.20. N 443 Заңымен.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*